



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Электрондық денсаулық сақтау

2-бөлім

ЭЛЕКТРОНДЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖАЗБА

ҚР СТ (ISO 13940-2015, NEQ)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Нұр-Сұлтан

ҚР СТ 3750-2021

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі «Салидат Қайырбекова атындағы денсаулық сақтауды дамытудың Ұлттық ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗІЛДІ**

2 Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2021 жылғы «11» қарашадағы № 413-НҚ бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3. Осы стандарт ISO 13940:2021 «Денсаулық сақтау бойынша ақпараттандыру – Медициналық көмек көрсетудің үздіксіздігін қамтамасыз етуге арналған ұғымдар жиынтығы» ескеріп әзірленді.

Сәйкестік дәрежесі – балама емес (NEQ).

4 Осы стандартта «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінің нормалары іске асырылған.

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі құжаттар» ақпараттық каталогында, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні – «Ұлттық стандарттар» мерзімді ақпараттық сілтемелерде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе күші жойылған жағдайда тиісті хабарлама «Ұлттық стандарттар» мерзімді ақпараттық сілтемесінде жарияланады.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1 Қолданылу саласы	4
2 Нормативтік сілтемелер.....	4
3 Терминдер мен анықтамалар	4
4 Қысқартулар.....	6
5 ЭМЖ жүргізу тәртібі.....	6
6 ЭМЖ мәліметтерінің ең аз жинағы	7
7 Өмірлік цикл	9
8 Стационарға жоспарлы жатқызу	9
9 Стационарға шұғыл жатқызу	10
10 ЖМК	10
11 Амбулаторлық жағдайдағы мамандандырылған медициналық көмек	11
12 Стационарды алмастыратын көмек	12
13 Медициналық оңалту	12
14 Паллиативті медициналық көмек	12
15 Қағаз құжаттаманы жүргізу.....	13
Библиография.....	14

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Электрондық денсаулық сақтау

2-бөлім

ЭЛЕКТРОНДЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖАЗБА

Енгізілген күні 2022-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт электрондық медициналық жазбаға қойылатын талаптарды белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ «Электрондық денсаулық сақтау. 1-бөлім. Электрондық денсаулық паспорты».

Ескертпе – Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданысын ағымдағы жылғы жай-күйі бойынша жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі құжаттар» ақпараттық каталогы бойынша және ағымдағы жылы жарияланған ай сайын басып шығарылатын тиісті ақпараттық каталогы бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта [1], ҚР СТ «Электрондық денсаулық сақтау. 1-бөлім. Электрондық денсаулық паспорты», сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Мамандандырылған медициналық көмек** (specialized medical care): Диагностиканың, емдеудің, медициналық оңалтудың арнайы әдістерін талап ететін аурулар кезінде, оның ішінде қашықтықтан медициналық қызмет көрсету құралдарын пайдаланып бейінді мамандар көрсететін медициналық көмек. Мамандандырылған медициналық көмек амбулаториялық жағдайларда консультациялық-диагностикалық көмек, медициналық көмек көрсетудің екінші және үшінші деңгейінде станцияны алмастыратын және стационарлық көмек түрінде көрсетіледі.

3.2 Стационар (hospital): Стационарлық медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымы.

3.3 Стационарлық жағдайлар (inpatient care): Тәулік бойы медициналық бақылауды, емдеуді, күтімді, сондай-ақ тамақпен бірге төсек-орын беруді, оның ішінде емдеу басталғаннан кейінгі бірінші тәулік ішінде тәулік бойы бақылауды көздейтін «бір күндік» терапия және хирургия жағдайларында қамтамасыз ететін жағдайлар.

3.4 Стационарды алмастыратын жағдайлар (ambulatory care group): Тәулік бойы медициналық бақылау мен емдеуді талап етпейтін және төсек-орын ұсына отырып, күндізгі уақытта медициналық бақылау мен емдеуді көздейтін жағдайлар.

4 Қысқарған сөздер

ЖМК – Жедел медициналық көмек

МСАК – Медициналық-санитариялық алғашқы көмек

ЭМЖ – Электрондық медициналық жазба

ЭДП – Электрондық денсаулық паспорты

ЭЖҚ – Электрондық денсаулық паспортының жіберілетін құжаты

5 ЭМЖ жүргізу тәртібі

5.1 Осы стандартқа сәйкес ЭМЖ ЭДП-ның бір бөлігі болып табылады және оны медицина қызметкерлері мен екінші немесе үшінші медициналық көмек көрсететін ұйымдар құрады.

5.2 ЭДП кеңістігінде пайда болған ЭМЖ ішкі ЭМЖ деп аталады. Үшінші тараптың медициналық ақпараттық жүйесінде пайда болған ЭМЖ сыртқы ЭМЖ деп аталады.

5.3 ЭМЖ ЭДП-ға берілгеннен кейін осы ЭМЖ-ға қолжетімді медициналық көмек көрсетудің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында осы пациент үшін МСАК көрсететін ұйым дәрігерінің міндеттерін орындайтын медицина қызметкеріне автоматты түрде беріледі.

5.4 ЭМЖ құрылымы, мазмұны, функциялары мен жасау, сақтау және пайдалану қағидалары ҚР СТ «Электрондық денсаулық сақтау. 1-бөлім. Электрондық денсаулық паспорты» сәйкес келеді. Медициналық ақпараттық жүйе немесе оның баламасы ретінде сипатталуы мүмкін кез келген қосымша жүйелер, қосымшалар немесе функциялар осы стандарттың қолданылу саласынан тыс болады. Бұл ерекшелік пациенттерді басқаруға, ресурстарға және қаржыға немесе ұқсас интеграцияланған ақпараттық жүйелердің кез-келген функциясына қатысты. Осы стандарт шеңберіндегі мұндай жүйелер ЭМЖ сыртқы жүйелері деп аталады.

5.5 ЭМЖ сыртқы жүйелері мына талаптарға сәйкес келген жағдайда ЭДП-на қол жеткізе алады және ЭМЖ-ны ЭДП-ға бере алады:

ҚР СТ 3750-2021

– ҚР СТ «Электрондық денсаулық сақтау. 1-бөлім. Электрондық денсаулық паспорты»;

– Осы стандарт;

– «Е-денсаулық сақтау ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимылға (хабарламалар беруге) қойылатын техникалық талаптар».

5.6 ЭДП репозиторийінде қолдау көрсетілетін ЭДП жүйелері сыртқы ЭМӨ жүйесіне қол жеткізе алмайтын екінші немесе үшінші медициналық көмек көрсететін ұйымдар үшін «Пайдаланушы интерфейсін» қамтамасыз етеді.

5.7 ЭДП бөлігі ретінде ЭМЖ құруға қаражат ұсынуға қосымша ретінде «Пайдаланушы интерфейсін» бекітілген арнайы жазбаларды құруға функционалдық мүмкіндік береді.

5.8 ЭМЖ сыртқы жүйелері құратын бекітілген арнайы жазбалар көрсетілген сыртқы жүйе құратын деректерді физикалық сақтау орнында болады және сұрау салуы бойынша ЭДП-на ұсынылады.

5.9 Осы стандартта айқындалған ЭМЖ ҚР СТ «Электрондық денсаулық сақтау. 1-бөлім. Электрондық денсаулық паспортында» берілген электрондық медициналық құжаттар мен олардың қасиеттеріне қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

6 ЭМЖ деректерінің ең аз жиынтығы

6.1 Ішкі ЭМЖ деректерінің ең аз жиынтығы ЭДП іске асыру үшін қажетті деректер элементтеріне қатысты ҚР СТ «Электрондық денсаулық сақтау. 1-бөлім. Электрондық денсаулық паспорты» Б қосымшасында айқындалған. Ішкі ЭМЖ-дегі мәліметтердің барлық сандық емес мәндері нормалануы керек.

6.2 Пациент туралы деректерге қатысты ЭМЖ үшін іске асырылатын ең аз деректер жиынтығы мыналарды қамтиды:

– пациентті сәйкестендіру;

– медициналық ұйымдар мен медицина қызметкерлерін сәйкестендіру;

– оныншы қараудың аурулары мен денсаулыққа қатысты мәселелердің халықаралық статистикалық жіктелмесінің номенклатурасының терминдері мен кодтарын қолданып, емделетін аурудың диагнозын жіктеу;

– көрсетілген медициналық қызметтер, оның ішінде ЭМӨ-нің әрбір элементіне сәйкес келетін ауруды көрсете отырып, жүргізілген медициналық оңалту, операция кезеңі;

– дәрілік заттардың, қан препараттары мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың толық сипаттамасын қоса алғанда, пайдаланылған ресурстар туралы деректер;

– 6.1 сәйкес өкілеттік сияқты басқа клиникалық емес деректер.

6.3 Нормаланған ақпаратқа қойылатын талаптарға қатысты ЭМЖ-де жазылған ақпаратты ұйымдастыру және кодтау қағидаттары ҚР СТ

«Электрондық денсаулық сақтау. 1-бөлім. Электрондық денсаулық паспорты» сәйкес.

6.3.1 ЭМЖ элементтерін ретке келтіру ҚР СТ «Электрондық денсаулық сақтау. 1-бөлім. Электрондық денсаулық паспортында» анықталған медициналық көмек көрсету эпизодының құрылымына ұқсас жүзеге асырылады.

6.3.2 ЭМЖ-нің әр элементі медициналық көмектің бір эпизодына және тек бір диагнозға қатаң қолданылады.

6.3.3 Екінші немесе үшінші медициналық көмек көрсететін ұйымдар айқындаған медициналық көмек көрсету эпизодтары ЭДП-ға жіберіледі және МСАК деңгейінде айқындалған тиісті көмек көрсету эпизодтарында сақталады.

6.4 ЭМЖ-нің әрбір элементі пациенттің, медицина қызметкерінің және пациентке медициналық көмек көрсетуге уәкілетті денсаулық сақтау ұйымының сәйкестендіру кодымен, сондай-ақ пациентке медициналық қызметтер көрсетілетін аурулардың халықаралық жіктемесінің 10-қарау жіктеме кодымен айқындалады.

6.5 Клиникалық процестерді іске асыру мақсатында ЭМЖ және ЭДП алмасатын кез келген қосымша ақпарат, оның ішінде жолдама немесе емдеуге жатқызу туралы ақпарат электрондық медициналық құжаттар нысанында жасалады және сақталады және БАЖ деп аталады. БАЖ деректері пациенттің ЭДП бөлігі ретінде ЭДП немесе ЭМЖ тиісті элементтерімен тікелей байланысты.

6.6 ЭДП-да, ЭМӨ-нің сыртқы жүйелерінде немесе ЭМӨ-ні құру бойынша ЭДП интерфейсі арқылы жасалатын жолдама немесе үзінді сияқты жазбалар медициналық қызметтерді жеткізушіде ЭДП-ға тікелей қолжетімділік болған жағдайда БАЖ түрінде сақталады және ЭДП немесе ЭМЖ-нің тиісті элементіне бекітіледі. ЭМЖ хабарлама арқылы ЭДП-ға берілген жағдайда, тиісті БАЖ ЭМЖ элементіне тіркелген ЭМЖ-ға беріледі.

6.7 Медициналық көмек үрдісіндегі ҚР СТ «Электрондық денсаулық сақтау. 1-бөлім. Электрондық денсаулық паспорты» терминдерін, және әсіресе ЭДП элементіне, байланысына және байланыстар мен өтініштер элементтеріне жататын терминдерді қозғайтын қызметті ұйымдастыру анықталады және реттеледі [4].

7 Өмірлік цикл

ЭМЖ өмірлік циклы ҚР СТ «Электрондық денсаулық сақтау. 1-бөлім. Электрондық денсаулық паспорты» ережелерінде реттеледі. Осы стандартта стационарға жоспарлы емдеуге жатқызу, стационарға шұғыл емдеуге жатқызу, ЖМК, амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек, стационарды алмастыратын медициналық көмек, медициналық оңалту, паллиативтік медициналық көмек көрсету және қағаз

ҚР СТ 3750-2021

құжаттаманы жүргізу жөніндегі іс-шаралар үшін қосымша шарттар айқындалған.

8 Стационарға жоспарлы емдеуге жатқызу

8.1 ҚР СТ «Электрондық денсаулық сақтау. 1-бөлім. Электрондық денсаулық паспорты» және [2] ережелеріне сәйкес пациентті медициналық ұйымға, стационарлық жағдайда жоспарлы емдеуге жатқызу МСАК медицина қызметкері немесе басқа денсаулық сақтау ұйымы бастамашылық жасаған жолдама бойынша жүзеге асырылады.

8.2 Емдеуге жатқызуға жолдама берген кезде стационар емдеуге жатқызуға пациентті жіберген кезде құрылған ЭМЖ данасына ЭМЖ жазба фактісін (емдеуге жатқызу) құрады.

8.2.1 ЭМЖ сыртқы жүйелерімен жасалған ЭМЖ-нің бұл данасы жолдау кезінде ЭДП-да жасалған ЭМЖ данасына сәйкес келеді.

8.2.2 ЭМЖ данасы сыртқы жүйелер пайдаланылмаған жағдайда тікелей ЭДП-да жасалады.

8.3 Жолдама туралы жазба жасалады және ЭЖҚ арқылы стационардың сыртқы жүйелеріне беріледі, онда жіберу фактісіне назар аудару үшін белгі қойылады.

8.3.1 Қажет болған жағдайда ЭЖҚ арқылы сыртқы жүйелерге пациенттің денсаулық жағдайы туралы тиісті ақпарат беріледі.

8.3.2 Стационар ЭДП-ға тікелей қолжетімділік жағдайында, өкілеттікті алған медицина қызметкері жүйе арқылы келіп түскен сұрау салу туралы хабардар етілуге тиіс.

8.4 Алынған өкілеттікті қабылдау және орындау барысында және уәкілетті медициналық ұйымнан шығаруға дейін әрбір ЭМЖ уәкілетті медицина қызметкерлері мен бөлімшелерге қатысты сәйкестендірілуге тиіс.

8.5 ЭМЖ есепке алу жазбасына байланысты барлық операциялар, оның ішінде ЭЖҚ көмегімен жолдаманы беру ЭДП логтау журналында сақталуы тиіс:

– егер ол ЭДП репозиторийіне тікелей қолжетімділік көмегімен сақталса, ЭМЖ есептік жазбасын жаңарту кезінде;

– егер ЭМЖ есептік жазбасы сыртқы ЭМЖ жүйесінде уақытша қолданса, ЭМЖ папкасын ЭЖҚ арқылы ЭДП-ға беру кезінде.

8.6 ЭДП және ЭМЖ-да қамтылған, жүйелердің өзара іс-қимылы процесінде берілетін пациент туралы ақпарат (ЭМЖ сыртқы жүйелері бар ЭДП репозиторийі) ҚР СТ «Электрондық денсаулық сақтау. 1-бөлім. Электрондық денсаулық паспорты» және [4] реттеледі.

8.7 Стационарлық көмек көрсету үшін ЭМЖ құру және сақтау осы стандартқа сәйкес қағаз құжаттаманы жүргізуге қатысты шарттар мен ережелермен реттеледі.

9 Стационарға шұғыл емдеуге жатқызу

9.1 Стационарға шұғыл емдеуге жатқызылған жағдайда ЭМЖ есептік жазбасы емдеуге жатқызу фактісін тіркеу кезінде жасалады. Кейіннен 8.1-8.7 сәйкес алдыңғы бөлімде сипатталған стационарға жатқызу тәртібі қолданылады.

9.2 Бұндай жағдайда жолдама талап етілмейді, сондықтан осыған байланысты пайда болатын ЭМЖ есептік жазбасы сыртқы бастама ретінде белгіленеді және «анықталмаған диагноз» немесе «аяқталмаған жағдай» мәртебесімен ЭДП-да сақталады. Денсаулық сақтау ұйымының дәрігері денсаулық сақтау ұйымы деңгейінде ЭДП-да медициналық көмек көрсетудің клиникалық тиісті эпизодына сәйкес ЭМӨ есептік жазбасын немесе медициналық көмек көрсету эпизодының жіктемесі үшін жауапты болады. Егер медициналық көмек көрсетудің тиісті эпизоды сәйкестендірілмесе, ЭМӨ есептік жазбасы денсаулық мәселесінің жаңа жапсырмасымен ЭДП медициналық көмек көрсетудің жаңадан құрылған эпизоды шеңберінде жіктеледі.

9.3 Шұғыл емдеуге жатқызу үшін ЭМЖ-ны жасау және сақтау осы стандартқа сәйкес қағаз құжаттаманы жүргізуге қатысты шарттар мен ережелермен реттеледі.

10 ЖМК

10.1 ЖМК-ті шақырған жағдайда ЭМӨ есептік жазбасы қоңырауды тіркеу кезінде ЖМК диспетчеріне жасалады, жабылады және шақыру аяқталғаннан кейін ЭДП-ға беріледі.

10.2 ЖМК шақыру деңгейінде емдеуге жатқызудан бас тартқан жағдайда, емдеуге жатқызудан бас тарту туралы жазбаны диагнозы туралы және сыртқы ЭДП-ға емдеуге жатқызудан бас тарту туралы ұсыныммен беру қажет.

10.3 Шақыру нәтижелері бойынша шұғыл емдеуге жатқызылған жағдайда, ЖМК-тің ЭМЖ есептік жазбасы жабылады және стационардың қабылдау бөлімінде «жедел жәрдеммен жеткізілді» деген белгісі бар стационардың ЭМЖ есептік жазбасы жасалады.

10.4 Емдеуге жатқызған жағдайда аурухананың стационарлық бөлімшесіне қабылдау рәсімі пациентті емдеуге жатқызу күні мен уақыты туралы ақпаратты ЖМК ЭМЖ бере отырып, есепке алу жазбасын бергеннен кейін қолданылады.

10.5 ЭМЖ-де жүргізілген тромболитикалық терапия бойынша мәліметтерді сыртқы ЭДП-ға бере отырып, ауруханаға дейінгі кезеңде пациентке беру қажет.

10.6 ЖМК үшін ЭМЖ жасау және сақтау осы стандартқа сәйкес қағаз құжаттаманы жүргізуге қатысты шарттар мен ережелермен реттеледі.

11 Амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек

11.1 ҚР СТ «Электрондық денсаулық сақтау. 1-бөлім. Электрондық денсаулық паспорты» сәйкес амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмектің нәтижесі ретінде ЭМЖ құру міндетті жолдама процесін талап етеді, ол консультациядан бұрын берілуі және МСАК дәрігері бастама жасауы тиіс.

11.2 Жолдаманы алғаннан кейін уәкілетті медицина қызметкері жіберілетін пациенттің ЭМЖ есептік жазбасын құрады.

11.2.1 ЭМЖ-ның осы есептік жазбасы ЭМЖ элементтерінің папкасы ретінде жұмыс істейді, олар өкілеттікке сәйкес медициналық қызметтер көрсету мерзімі ішінде құрылатын және сақталатын болады.

11.2.2 ЭМЖ сыртқы жүйелері жасаған ЭМЖ-ның есептік жазбасы жолдау кезінде ЭДП-да жасалған ЭМЖ есептік жазбасына сәйкес келеді.

11.2.3 ЭМЖ есептік жазбасы сыртқы жүйелер пайдаланылмаған жағдайда тікелей ЭДП-да жасалады.

11.3 Медициналық қызметтердің уәкілетті жеткізушісін хабардар ету үшін жолдама құрылады және пациент туралы тиісті ақпарат ЭЖҚ арқылы сыртқы жүйелерге беріледі.

11.4 ЭМЖ есептік жазбасы жасалғаннан кейін және берілген өкілеттікті орындағаннан кейін, медициналық қызмет көрсету кезеңі аяқталғанға дейін әрбір ЭМЖ уәкілетті медицина қызметкері мен бөлімшесі сәйкестендіруі тиіс.

11.5 ЭМЖ есептік жазбасына байланысты барлық іс-әрекеттер, оның ішінде жіберу үшін ЭЖҚ беру:

–егер ол ЭДП репозиторийіне тікелей қолжетімділік арқылы сақталса, ЭМЖ есептік жазбасын жаңарту кезінде немесе

–егер ЭМЖ есептік жазбасы сыртқы ЭМЖ жүйесінде уақытша қолдаса, ЭМЖ папкасын ЭЖҚ арқылы ЭДП-ға беру кезінде ЭДП логтау журналында сақталуы тиіс.

11.6 ЭДП және ЭМЖ жүйелерінің өзара іс-қимылы процесінде берілетін пациент туралы ақпарат (ЭМЖ сыртқы жүйелері бар ЭДП репозиторийі) ҚР СТ «Электрондық денсаулық сақтау. 1-бөлім. Электрондық денсаулық паспорты» және [4] сәйкес келуге тиіс.

11.7 Амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек барысында жасалған ЭМЖ есептік жазбалары алдын ала анықталған клиникалық процеске немесе медициналық көмек көрсетудің алдын ала анықталған кезеңіне жатқызылуы мүмкін. Амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсететін ұйымға көптеген келулер алдын ала белгіленген медициналық көмек көрсету кезеңінсіз аяқталуы мүмкін.

11.8 Амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек үшін ЭМЖ құру және сақтау осы стандартқа сәйкес қағаз құжаттаманы жүргізуге қатысты шарттар мен ережелермен реттеледі.

12 Стационарды алмастыратын көмек

12.1 Стационарлық және консультациялық-диагностикалық көмек көрсету бойынша іс-шаралар үшін ЭМЖ өмірлік циклын басқару бойынша ережелер 8.1-8.7 сәйкес стационарды алмастыратын көмек үшін және 11.1-11.8-тармақтарына сәйкес қолданылады.

12.2 Стационарды алмастыратын көмек үшін ЭМЖ құру және сақтау осы стандартқа сәйкес қағаз құжаттаманы жүргізуге қатысты шарттар мен ережелермен реттеледі.

13 Медициналық оңалту

13.1 Амбулаториялық, стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсету бойынша іс-шаралар үшін ЭМЖ өмірлік циклын басқару бойынша ережелер 8.1-8.7 және 11.1-11.8-тармақтарға сәйкес медициналық оңалту үшін қолданылады.

13.2 Медициналық оңалту үшін ЭМЖ құру және сақтау осы стандартқа сәйкес қағаз құжаттаманы жүргізуге қатысты шарттар мен ережелермен реттеледі.

14 Паллиативті медициналық көмек

14.1 Амбулаториялық, стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсету бойынша іс-шаралар үшін ЭМЖ өмірлік циклын басқару бойынша ережелер 8.1-8.7-тармақтарға және 11.1-11.7-тармақтарға сәйкес паллиативті медициналық көмек үшін қолданылады.

14.2 Паллиативті медициналық көмек үшін ЭМЖ құру және сақтау осы стандартқа сәйкес қағаз құжаттаманы жүргізуге қатысты шарттар мен ережелермен реттеледі.

15 Қағаз құжаттаманы жүргізу

15.1 Ұлттық ҚР СТ «Электрондық денсаулық сақтау. 1-бөлім. Электрондық денсаулық паспорты» стандартының 5.8.1 тармағына сәйкес. ЭДП-мен және ЭМЖ-мен байланысты іс-әрекеттер мен транзакциялар [3] талаптарына сәйкес келуі тиіс: осы бұйрыққа сәйкес есепке алу нысанын толтыру қажет болатын кез келген іс-қимыл қағаз нысандарына ұқсас электрондық медициналық құжаттың БАЖ-ны құруға және сақтауға алып келуі тиіс. Мұндай БАЖ мазмұны мүмкіндігінше ЭДП деректерімен толықтырылады және ҚР СТ «Электрондық денсаулық сақтау. 1-бөлім. Электрондық денсаулық паспорты» талаптарына сәйкес келеді.

ҚР СТ 3750-2021

15.2 Қағаз нысандарға ұқсас БАЖ ЭМЖ папкасына бекітіледі, ол ЭДП-ға беріледі. БАЖ деректері өкілеттіктің уақытша шеңберімен шектелген медициналық көмек көрсету эпизодын және өкілеттігі жарамды медициналық көмек көрсету кезеңін сипаттайтын ақпаратты ғана қамтуы мүмкін.

15.3 Осы стандартқа сәйкес ЭМЖ-нің әр элементінде тиісті байланыс элементінің бөлігі ретінде пациентке қатысты барлық медициналық іс-шараларға клиникалық контекст беретін жалғыз диагноз бар. Медициналық көмек көрсету эпизоды туралы ақпарат БАЖ-да сақталған, ұқсас қағаз түрінде ЭМЖ элементтеріндегі ақпараттан тұрады.

Библиография

[1] Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ кодексі (өзгерту енгізілді-ҚР 2021.01.08№ 410, 2021.03.31 № 24 заңдарымен).

[2] Стационарлық көмек көрсету қағидалары (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 761 бұйрығымен қабылданған).

[3] Облыстағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы бұйрық (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен қабылданған).

[4] Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 10 ақпандағы №75 бұйрығымен бекітілген е-денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимылға (хабарлар беруге) қойылатын техникалық талаптар.

Түйін сөздер: электрондық денсаулық паспорты, электрондық медициналық жазба, құрылым, қолжетімділік, тіркелім, репозиторий.

ТК төрағасы

Д.Е. Айтуарова

ӨЗІРЛЕУШІ

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (Бұдан әрі – «ҰҒДСДО» ШЖҚ РМК).

«ҰҒДСДО» ШЖҚ РМК

Басқарма төрағасының м.а.

Д.Е. Айтуарова

Өзірлеме басшысы

Г.М. Ахметова

«ҰҒДСДО» ШЖҚ РМК

электрондық денсаулық сақтауды
стандарттау бөлімінің бастығы

Н.М. Төлеуханова